[1]Д.Айтенова Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент, Қазақстан;
[2]Хулия Касапоглу Ченгел. Хажы Байрам университеті Анкара;
[3]Турсуманова Ф.З. Шымкент Университеті, Шымкент, Қазақстан;
[4]Исакулова М.М. Шымкент Университеті, Шымкент, Қазақстан.
E-mail: *daytenova@mail.ru*

## ҚАРАХАН ДӘУІРІ ӘДЕБИЕТІН ОҚЫТУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

**Аннотация.** Мақалада Қарахан дәуірі әдебиетін оқыту, оқу процесін ұйымдастырудың тиімді бағыттары, тәсілдері және оқытудың өзекті мәселелері туралы ой қозғалады. Автор ежелгі дәуір әдебиетінің аясында оқытылатын Қарахан дәуірі әдебиетін жеке пән ретінде оқыту мәселесін көтеріп жүргендіктен осы мәселені әдебиет функциялары, уақыт талабына сай әлеуметтік-мәдени және білім беру мәселелерімен тығыз байланыстыра отырып, тың идеяларымен бөліседі. Әдебиеттің әлем мен адам туралы іргелі, жүйелі білім алуға мүмкіндік беретін метабілімділік көзі болып табылатынына тоқтала келіп, метапәндік ерекшелігіне тоқталып, оның өз заманының тыныс-тіршілігін танытатын жеке метадереккөзі, ойлау мен ізденіске, зерттеу мен жаңалық ашуға негіздейтін өзгермелі күш екенін қозғап өтеді. Мақалада

пәнді оқыту, білім беру парадигмалары және тұлға ізденісіне бағдарланған оқыту әдістері мен тәжірибе нәтижелері сөз болады. Гуманитарлық білім беру аясында Қарахан дәуірі мұраларын жеке пән ретінде оқыту аспектілері мен негіздерін жан-жақты қарастыруды мақсат тұтқан автордың тың идеяларының бірі – білімді игертумен қатар, шығарманың уақыт кеңістігіндегі орнын анықтауға, туындыны зерттеудегі тың бағыттар, еркін ойлы зерттеулерге жол ашу, әдеби мұралардың мәні мен маңызын терең танып білуге басымдық беру. Қарахан дәуірі әдебиетінің адамзат мәдениеті мен түркі халықтары құндылықтарының айқын үлгісі болып табылатындығын тілге тиек еткен автор білім беру әлеуеті, метабілімділік мәселелері туралы ой қозғайды. Жаһандану дәуірінде ұлт мәдениетін жақсы білумен қатар, мәдени және әдеби мұралардың өзекті мәселелерін көтеріп, насихаттап оны әлемдік мәдениеттің озық үлгілері деңгейінде зерттеп, таныта білетін жас ғалымдарды даярлау аса маңызды. Осы тұрғыдан заманауи білім беру парадигмалары тұрғысынан әдеби мұраларды оқыту, оның құндылықтарын қоғамға, ұрпаққа өз деңгейінде жеткізе білетін педагогикалық біліктіліктің де қажеттілігін айқын сезінген автор өз жұмысындағы нәтижелі тәжірибесімен, ізденісімен, ой-пікірімен бөлісуі – уақыт талабымен үндескен қадам. Әлемдік білім беру кеңістігіне еркін еніп, еліміздің ғылым-білім саласында өзіндік ерекшелігімен, тұлғалық тұғырымен танылатын болашақ мамандардың бойына ізгілік пен ізденіс, шығармашылық пен терең білім дарытып, дамыту педагог жауапкершілігінде екеніне тоқталған мақала авторы уақыт пен заман талабы негізінде өзекті мәселе өрісін кеңінен қозғаған.

**Түйін сөздер:** әдебиет функциялары, Қарахан дәуірі әдебиеті, білім беру парадигмалары, метабілімділік, метапәндік аспект, білім беру әлеуеті, метадеректер

**© Д. Айтенова[1], Хулия Касапоглу Ченгел[2] , Ф. Турсуманова[3], М. Исакулова[4], 2023**

[1]Южно-Казахстанский государственный педагогический университет, Шымкент, Казахстан;
[2]Хулия Касапоглу Ченгел. Университет Хажы Байрам Вели, Анкара;
[3]Шымкентский Университет, Шымкент, Казахстан;
[4]Шымкентский Университет, Шымкент, Казахстан.
E-mail: *daytenova@mail.ru*

## ОСНОВЫ ПРОБЛЕМЫ ПРЕПОДАВАНИЯ ЛИТЕРАТУРЫ ЭПОХИ КАРАХАНА

**Аннотация**. В статье рассматриваются вопросы преподавания литературы эпохи Карахана, эффективные направления, подходы к организации учебного процесса и актуальные проблемы обучения. Автор, поднимая вопрос

преподавания литературы Караханской эпохи как отдельного предмета, изучаемого в контексте литературы античности, делится новыми идеями, тесно связывая этот вопрос с функциями литературы, актуальными для времени социально-культурными и образовательными проблемами. Говоря о том, что литература является источником метапредметности, позволяющей получать фундаментальные, систематические знания о мире и человеке, она затрагивает метапредметную специфику, что она представляет собой отдельный метаданный источник, отражающий жизнь своего времени, изменяющуюся силу, основанную на мышлении и поиске, исследованиях и открытиях. В статье речь пойдет о преподавании дисциплины, образовательных парадигмах и методах обучения и результатах практики, ориентированных на поиск личности. Одна из новых идей автора, цель которой в рамках гуманитарного образования всесторонне рассмотреть аспекты и основы преподавания наследия Караханской эпохи как отдельной дисциплины – наряду с усвоением знаний определить место произведения в пространстве времени, открыть путь к новым направлениям в изучении произведения, к свободомыслящим исследованиям, уделить приоритетное внимание глубокому познанию сущности и значения литературного наследия. Подчеркнув, что литература эпохи Карахана является ярким примером человеческой культуры и ценностей тюркских народов, автор размышляет над проблемами образовательного потенциала, метапредметности. В эпоху глобализации, наряду с хорошим знанием национальной культуры, особенно важна подготовка молодых ученых, способных обсуждать и поднимать вопрос актуальных проблем культурного и литературного наследия, изучать и представлять его на уровне лучших образцов мировой культуры. С этой точки зрения обучение литературному наследию в аспекте современных образовательных парадигм, осознание необходимости педагогической компетентности, способной донести его ценности до общества, поколения на своем уровне – это шаги, соответствующие требованиям времени. В статье подчеркивается, что педагог несет ответственность за развитие, привитие чувств добропорядочности и любознательности, творчества и глубоких знаний будущим специалистам, свободно проникающим в мировое образовательное пространство и узнаваемым по самобытности их культуры, личностному положению в науке и образовании нашей страны.

**Ключевые слова:** функции литературы, литература Караханского периода, образовательные парадигмы, метапредметность, метапредметный аспект, образовательный потенциал, метаданные.

## КІРІСПЕ

Жаңа Қазақстанның алдында еліміздің, қоғамның дамуына ықпал ететін ғылымға қатысты мәселелерді жаһандану процесінің мүмкіндіктерін тиімді қолдана отырып қарастыру мен білім беру ізденістерін тың идеялармен толықтыруды талап ететін түбегейлі проблемалар тұр. Ғылымды дамытудың алғышарттарының бірі – зерттеу негізінде өзекті мәселелерді анықтай отырып,

пәнді оқытудағы тың ізденістерге жол ашу. Бұл үдеріс ежелгі дәуір әдебиетін айналып өтпесі анық.

Әдебиет – күрделі, динамикалық, ерекше сезімталдықты талап ететін жанды құбылыс. Ол өзі өмір сүрген ортаның тынысын, жаңғырығын ала жүріп ғасырлар бойы адамзатқа тынымсыз қызмет көрсетеді. Уақыт өткен сайын ол өз ерекшелігін танытатын оқиғалар, құбылыстар, мысалдармен үйлесе отырып, уақыт призмасы арқылы сәулелеленіп, тың деректермен толысып, өз арнасын кеңейте береді. Бастапқыда әдебиеттің бір қыры, тақырыптың бір тарауы болған ой-пікірдің кеңейіп, жеке тақырып ретінде талдана бастауы да мазмұнын өсіріп, ұлғаю мүмкіндігін өрістететеді. Әр мәселе бойынша талдау, талқылау, сұрақ тудырған тұстарын зерделеу, зерттеу аясын кеңейте түседі. Зерттеулер негізінде қордаланған мәселелердің өз шешімін тауып, ғылымда жаңа бағыттар орын алатынына біздің адамзат мәдениетінің қалыптасуын, әдебиеттің дамуын немесе әдебиетті кезеңдерге бөліп қарастыру негізінде сан мәрте көз жеткізгеніміз де ақиқат. Ал осы мұраларды оқыту, оның өзіне тән ерекшелігін қарастыру және ғасырларға кететін білім арнасын зерттеу – еліміздің ғылымын дамытатын, адамзат өркениетіне үн қосатын ауқымы мен аясы кең мәселелер. Білім берудегі ірі және іргелі қадамдар. Міне, осы ауқымда Қарахан дәуіріндегі әдебиеттің оқытылуына қатысты өзекті мәселелерді қарастырып, ойымызды негіздесек.

## МАТЕРИАЛДАР МЕН ЗЕРТТЕУ ӘДІСТЕРІ

Кез келген пәнді оқыту барысында ғылыми-теориялық, теориялық-әдістемелік, тарихи-танымдық негіздерге басымдық берілуі қалыптасқан жағдай. Алайда пәнді оқыту аспектілерін ашып қарастыратын болсақ, онда негізгі үш білім көзін анықтайтынымыз шындық: филологиялық (нақты пәндік білім), мәдени және адамтану (қосымша білім – метабілімділік). Бұл білім көздері тарихи кезеңдер аясындағы материалдармен жұмыс әлеуеті мен білімділік өрісін арттыра түседі: метатанымдық, метабілімділік, метадеректік, метақұзыреттілік т.б. Заманауи білім беру жаңа стандарттарының негізгі идеясы – нақты білім беруден тереңірек, тұлғаның адамзат өміріндегі қандай да бір білім көздерін танып-білуі, оны өзге білім көздерімен толықтырып кемелдене түсуі және өз білімін өмірде қолдана білуі. Яғни өз білімін тиімді және еркін түрде дамыта отырып, біліммен, іс-әрекеттермен әрекет ету тәсілдері; әр түрлі жағдаяттарда, қалыптас тыс жағдайларда орын алған мәселелерді шеше білу, болжам жасау, ойын жан-жақты қарастыру, салыстыру, дәлелдеу, көз жеткізе отырып қисындастыру арқылы бастама көтеру, тың нұсқалар кеңістігінде әрекет ету – бір сөзбен айтқанда, функционалдық сауаттылық, құзыреттілік біліктілік деңгейінен танылу.

Жоғарыда айтылған ойлардың бәрінің талабына сай келетін ежелгі әдебиетті оқыту Қарахан дәуірі әдебиетін оқыту мәселелерінің де өзектілігін айқындайды. Ең алдымен тілге тиек болатын мәселе – Қарахан дәуіріндегі әдебиет туындыларының бүтін бір мемлекеттің, түркі дәуірінің алтын кезеңі –

Қайта Өрлеу дәуірінің діңгегі болып табылатынында. Шығыстанушы А. Мец бұл кезенді «Мұмылман Ренесансы» деп бағалаған (Мец, 1966). Ренессанс кезеңі тек Еуропаға ғана тән құбылыс емес екендігін, мәдениеті мен тарихы дамыған халықтардың барлығының еншісінде болатындығын Н.И. Конрад та атап өтеді. Қарахан дәуірінде жазылған шығармалар түркі мәдениеті мен әдебиетінің бұлағынан бастау алып, оның деңгейін мәдениет пен даналықтың телегей теңізі күйіне дейін көтерді, солай әлемге танытты, мойындатты. Біздің алдымыздағы мақсат – осы мәдениет жауһарын ғасыр мен ұрпақ еншісіне ұсыну. Осы тұста оқытудың өзекті мәселелері тағы да алдымызға қойылатын міндеттерді анықтай түседі: қалай оқыту, нені ескеру, іздену және білімді игеруге дұрыс бағыттар сілтеу.

Бұл бағытта ғылыми-теориялық, теориялық-әдістемелік, тарихи-танымдық негіздерге басымдық берілуінен бұрын ескерілетін жайт – педагогикалық-психологиялық немесе психологиялық-танымдық аспектілерді ескеру. Көркем шығарма, оның құрылымы, мәні мен маңызы туралы қалыптасқан ұғымдарды үйрету «жаттандылықпен» жүзеге асырылмай, оны қабылдайтын тұлғаның тұлғалық-психологиялық ерекшеліктері арқылы игерілген білім көзінің тың көзқарастар кеңістігінде танылатыны ескерілуі керек. Әдебиетті игеретін тұлға – әсіресе, бүгінгі күнде, «қарама-қайшылықтар формуласы»: олар – көнбістік пен келіспеушіліктің, шиеленісті жағдайлар тудыру мен бөгет болатын пікірлердің алдын алудың, түсінбеушілік пен ерекше интерпретацияның қосындысы. Егер осы қасиеттердің ғылым игілігіне қызмет етуін ұйымдастыра білсек, біздің алдымызда ғасырдың тілін түсінетін, уақыттың барлық «дыбыстарын» ажырата алатын ұрпақ тұрғанын сезінер едік. Демек, оқыту барысында принциптердің, идеялардың өзара әрекеттесу процестерін күшейту, филологиялық білім беру зертханасын құра білу  әдебиет пәнінің бөліп қарастыру, құрылымдар мен модельдерді айқын тани білу, құндылықтар құндылығын жүйелі түрде оқып-білуге жол ашады. Осы мәселелерді ескере отырып, Қарахан әдебиетін оқытудың басты бағдарлары мен ауқымын анықтауға болады.



Пәнді оқыту барысында білім беру парадигмалары әдіснамалық, теориялық, ғылыми ізденіс модельдерін жинақтайтын тұтас ұғым аясында көрініс береді. Педагогикада барлық парадигмалар өзара бірлікте қаралады. Біз де осы тұрғыдан негізгі парадигмалар үйлесімін бағдарға аламыз: когнитивті, тұлғаға бағытталған, функционалды, мәдени. Бұл – когнитивті яғни ойлау негізінде қабілет, таным, жадыны дамыту парадигмасы, тұлға әлеуеттері негізінде оқыту және қоғам функцияларына қатысты қажеттілік тудырған, адамзат үшін аса маңызды мәдени-әлеуметтік мәселелерге қатысты парадигмалар тұрғысынан оқу процесін қарастыру және аса маңызды. Осы негізде Қарахан дәуірі әдебиетін оқытуды мәтапәндік және мәдениеттің білім берудегі рөлімен байланыстыра қарап, жеке пән ретінде оқыту мүмкіндіктері аясын кеңейтуге болады. Әдебиет пен мәдениеттің, өмір мен тұлғаның байланысын зерттеген адам өзінің білім мен белгілі бір мәдениеттің субъектісі, қоғам дамуының қозғаушы күші екенін де танып біле алады. Міне, білім беру парадигмалары өз мәнінде қамтылған тұста ғылыми-әдіснамалық, ғылыми-зерттеушілік, ғылыми-педагогикалық процестер кіріктірілген әрі нәтижелі түрде жүзеге асырылады. Яғни білім алудан бастап, игерілген білім көзінің тұтас әлемді тануға мүмкіндік беруі, жаңа идеялар мен тың ізденістерге бастайтын прогрессивтік қадамдар үстеле түседі. Ғалым Т.Кунның айтуынша, «теория мен құбылыстар парадигмалар аясында өңделіп», айқындала түспек (Кун, 2008).

## НӘТИЖЕЛЕР МЕН ТАЛҚЫЛАУЛАР

Студенттермен ұйымдастырылған ізденіс, зерттеу жұмыстарын 4 бағытта жоспарладық.

1. Шығармалар тарихын зерттеу жұмыстары

| Географиялық, тарихи мәдени кеңістік ауқымы |
|---|
| Шығыс Қарахан мемлекетінің территориясы – Жетісу өңірі, Қашқар, Хотан аймағы және Ферғананың бір бөлігі.<br>Орталығы – Қашқар қаласы, астана – Құзорда (Баласағұн). Батыс Қарахан мемлекетінің ордасы Тараз қаласында, кейіннен Самарқанд қаласында орналасты. |
| Махмұд Қашғари саналы ғұмырын түркі халықтарының екінші ордасы Қашқар қаласында өткізген. Ол Қашқардан бастап бір жағы Жетісу, Мауереннахр, Хорезм, ал екінші жағынан Римге дейінгі ұланғайыр жерді аралап, мол материал жинайды.<br>Жүсіп Баласағұни Іле мен Шу өзені аңғарындағы үлкен өлкеде өмір сүрді. Мемлекеттің бір кездегі астанасы, Қарахан мемлекетінің әкімшілік және сауда-саттық орталығы Баласағұн шаһарында туған. Шығыс Түркістан, Қашқар, Баласағұн, Жетісу өлкелерін билеп тұрған Боғрахан тұсындағы тұғырлы тұлға.<br>Махмұд, Жүсіп және сайрамдық Ахмет Яссауидың еңбектері төрткүл дүниеге тараған, көшірмелері Каир, Вена, Рим, Стамбул кітапханаларынан орын алғаны да географиялық, тарихи-мәдени зерттеу ауқымын өрістетете түседі. |

2. Шығарма өмірін зерттеу.

| Өмір сүру кезеңі | Қамтылған мәліметтер |
|---|---|
| X – XXI ғғ | Көне түркі мәдениеті, даму кезеңдері;<br>Қарахан дәуірі мәдениеті, түркі мәдениетінің өркендеуі;<br>Еңбектердің көшірілу, таралу, зерттелуі. |

3. Шығарма деректерімен жұмыс.

| Тақырыптар, деректерді талдау | Метабілімділік |
|---|---|
| Қарахан дәуірі Реннесансы | Еуропа Ренессансы: ерекшелігі мен ұқсастықтары |
| Деректердің бағалылығы, құндылығы мен маңызы | Зерттеу еңбектері негізінде қорытындылар даярлау, шығарма деректеріне қатысты тың идеялар топтамасын ұсыну. |
| Қашғари картасы | Бүгінгі карталар дерегімен салыстыру қорытындылары |

Осы бағытта орындалған жұмыстар нәтижесінде студенттердің филологиялық білімі толықтырылып, тереңдету мүмкіндігі жүйелі және нәтижелі жүзеге асырылды. Жүсіп Баласағұнның шығармасындағы мазмұн, бейнелілік пен полемика, сөз саптау, ізгілік иірімдерін Азиядағы түркі әдебиеті өкілдері (Ахмет Яссауи, Мұхаммед Баха ад-Дин, Руми және Бабарахим Машраб) шығармаларынан бастап, заманауи ақындар поэзиясымен де байланыста қарастырды. Қай заманда да «ел билеушісінің, ел тұлғасының бойындағы басты қасиет – адамдарға, қоғамға қызмет ету» екеніне зерттеу еңбектерінен нақты дәлелдер келтірді (СПбГУ, сборник, 2016). Сонымен бірге А. Бомбачи мақаласындағы түркі поэзиясы ерекшеліктері, Л. Базеннің көне түркі ескерткіштері туралы мақалалары да тың пікірлерге негіз болды (Бомбачи т.б., 1986). Сонымен қатар түркі халықтары фольклоры, көне түркі әдебиеті мен ежелгі дәуір әдебиеті үлгілерінің салыстырмалы жұмыстары ізденіс пен зерттеу аясын кеңейте түсті. Әдебиетті оқыту әдістемесіне негіз болған зерттеулер (Егеубаев, 2013), әдебиетті оқыту бағытындағы тәжірибе нәтижелері (Бітібаева, 2003), педагогикалық білім аспектілерін жан-жақты қарастыруға негіз болған ежелгі әдебиетті зерттеу еңбектері (Келімбетов, 1991), салыстырмалы оқыту мәселелеріне қатысты (Короглы, 1983), әдебиетті оқыту негізінде ұлттық білім беру мәселелерін қамтыған (Қыраубаева, 2010) ғалымдар еңбектері бойынша толық әрі терең қарастырылып, тұжырымдалды. Қарахан дәуіріндегі жазба ескерткіштермен танысу барысында әдеби туындылардың түркі әдеби тілін қалыптастыруға үлес қосқаны, тарихи-әлеуметтік кезеңдегі мемлекеттік басқару ісіндегі түркілік басқару сипаты басым екендігі де назардан тыс қалмады. Ол бүгінгі күнге дейін өзекті болып табылатын әдеби тілдің мемлекеттік тіл ретіндегі мәртебесінің кепілі болып табылатынын айтып өткен студенттер бұл әдеби шығармалардың халыққа түсінікті әрі жылдам таралуының бір себебі болуы мүмкін деген пікірлерін дәлелдеді. Әдеби шығармалардың сол кезеңдегі тарихи үдерісті, сол кезеңдегі халықтың тыныс-тіршілігін және озық ойы мен дүниетанымын танытатынын да өзекті мәселе етіп көтерген студенттер Қарахан дәуірі мәдениетінің, әдебиетінің өзіндік ерекшелігін айқын көрсете білді.

Білім алушының жаңашыл ізденістермен таныса отырып, мәселені талдап, проблеманы анықтау, оны зерттеуде жүйелілікпен жұмыс істеуіне мүмкіндік берілді. Ол өз кезегінде кең ауқымдағы ақпараттық арнамен жұмысты жүзеге асыру кепілі болды. Студенттердің жұмыс істеу, ойлау, өзіндік тұжырымын жасау белсенділігі артты, логикалық ойлау алгоритмін қалыптастыратын

талдау, жинақтау, салыстыру, жалпылау мен жалқылау және тың идея табу, өңдеу т.б. әдістерді қолдануына жол ашылды.

Қарахан дәуіріндегі әдеби мұралардың дереккөздері ретінде араб-парсы әдеби шығарма деректері, тарихи–археологиялық мәліметтер, географиялық ақпараттар мен фольклорлық шығармалар мен аңыз әңгімелер, сол тұста өмір сүрген тұлғалардың еңбектері мен сол кезеңге қатысты қандай да бір пікір, оқиға үзіктері қолданылады. Студенттер жұмысын бағалау барысында дереккөздер және олармен жұмыс бағыттарына ерекше назар аударылды. Дереккөздерді таңдауға шек қойылмады. Кітапхана, ғылыми деректер қоры, интернет (https://melimde.com/) т.б. мүмкіндіктерді қолданған білім алушылар өздері жасаған жұмыстарын таныстырған кезде «тарихи-танымдық мәліметтерден бастап, сандық деректер арнасын» танып білуге, қолдануға жағдай тудырылғанын атап көрсетті. Сонымен қатар, деректермен жұмыс істеу барысында ұлт мәдениетінің ұлттық код туралы«жаңғырған қоғамның тамыры тарих тереңінен бастау алатын рухани код» (Назарбаев, 2017) екендігі жан-жақты талданды.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Жұмыс нәтижесінде студенттер пәндік білімді игеруді тың метакеңістікте ұйымдастыруға бағдар алды. Осы тәжірибе негізінде пәнді оқытудың метатанымдық аспектілері ( Шакен, 2021) нақты пәндік және метапәндік тұрғыда қарастырылып, оның ішкі әлеуетін зерттеу ісін өрістете түсті. Метапәндік аспектілерді тану, оның өз жұмысындағы мәні мен маңызын зерделеу негізінен тұлғаның қабілеті мен құзыреттілігін арттырады. Ол шығарма авторы немесе шығарма кейіпкерін талдау арқылы болмысын танып қана қоймай, сол кейіпкердің, тұлғаның қабілет-қарымын өз бойына сіңіреді. Оның педагогикалық іс-әрекетті дамытуға бейімдейтін маңыздылығын жете түсініп, тұлға шығармашылығын дамыту мүмкіндіктерін тиімді пайдалана алады. Уақыт кеңістігі, мерзімдік алшақтыққа қарамастан тұлғалық көзқарастар мен ойлау ұстанымдарының «көлденеңінен» (жеке тәжірибеде қалыптасатын «қарым-қатынас ғылымы»), «тігінен» (жеке тұлғаның құндылықтар қоры) тоғысуын түсініп, ақиқат пен өмір шындығын қабылдау орын алады (Сосновская т.б., 2014). Осының нәтижесінде студент метадеректермен жұмыс істеу шеберлігін меңгереді [*https://kk.eyewated.com/*]: туындыны – өнер, көркем мәтінді – ақпараттар қоры, тұтас шығарманы – ұлт мәдениетінің конденсаторы деп тани отырып, метадеректерді герменевтикалық (мағынаны тану, дамыту, идентификациялау, мәнмәтіндер, ой астары, ой күмбезі, сөз қуаты мен кері байланыс т.т.) әдіспен (Гадамер, 2005) талдау ерекшелігін еңсереді. Бұл студенттің ойлау ұшқырлығын қалыптастырады. Студент әдеби біліммен қатар, тарих, қоғам дамуы заңдылықтарын таниды, зерттеу кеңістігін игереді. Қарахан дәуірі әдебиетін оқыту өзектілігін айқындай түсетін «пән–білім алушы– білім алу кеңістігі» триадасын танып, болашақ маманның шеберлік тәжірибесі қалыптаса бастайды. Оның зерттеушілік және оқытушылық қырлары

ашылып, маман ретінде өз бағдарын таба алады. Қарахан дәуірі әдебиетінің өз кезеңінде жоғары дәрежедегі «әдеби-мәдени дәстүрдің, көркемдік-танымның қалыптасқан мектебі» (Егеубай, 2006) болған сын-сипаты, тұтас ұлттың, мемлекеттің, адамзат өркениетінің алтын діңгегі болған өзектілігі айқындала түседі. Ал осы маңызды мәселелерді анық таныған маман, болашақта батыл қадамдар жасап, білім кеңістігінде өз сүрлеуін қалыптастыратын тың құбылыс болары сөзсіз. Ежелгі дәуір әдебиетінің ішіндегі ең ауқымды арнасы –Қарахан дәуірі әдебиеті, адамзат тарихындағы әдеби ескерткіштердің алтын қорын ұлғайтумен бірге, «мәңгіліктің мәңгілігі» ретінде ұрпақтар игілігіне қызмет ететін құнды қазына. Бұл әдеби мұралар жаһандану жағдайында да тұлғаның жан-жақты қалыптасуының қайнар көзі ретінде өз қызметін жалғастыра берері сөзсіз. Бұл – жаңа ғасырда өмір сүріп отырған ұрпақ көзімен шығарманы талдау және ежелгі дәуір құндылықтарын бүгінгі күнгі құндылықтармен астастыру ізденісі. Ол өз кезегінде тұлғаның білімді ғылыми-теориялық негізде меңгеріп қана қоймай, тәжірибелік қолданысқа бейімдеуге және ақпараттық деректерді сұрыптап қолдана білетін зияткер тұлға ретінде дамуына бағдар болып табылмақ. Ондай тұлға өз ортасының креативті, көшбасшы тұлғасы ретінде қоғам дамуы мен ғылым болашағына зор үлес қосары сөзсіз.

**ӘДЕБИЕТТЕР**


Актуальные вопросы тюркологических исследований. К 180-летию кафедры тюркской филологии Санкт-Петербургского государственного университета / Сб. статей под ред. Н.Н. Телицина, Й.Н. Шена. — СПб.: СПбГУ, 2016. – 592 с.

Бітібаева Қ. Әдебиетті оқыту әдістемесі мен технологиясы. – Алматы, 2003.

Гадамер Г.Г. Философия және герменевтика. (Ауд. Ғ. Зайыпов). «Әлемдік философиялық мұра» топтамасы. Алматы: «Жазушы», 2005

Зарубежная тюркология. Выпуск I. Древние тюркские языки и литературы. Изд. «Наука». М.,1986

Келімбетов Н. Ежелгі дәуір әдебиеті. «Мектеп» Алматы, – 1991

Классикалық зерттеулер. 17-том. «Әдебиет әлемі» Алматы, 2013

Короглы Х.Г. Взаимосвязи эпоса ратодов Средней Азии, Ирана, азербайджана, М. Наука. 1983

Кун Т. Структура научных революций. – М.: Прогресс, 2008. – 288 с.

Құтты білік /Көне түрк тілінен аударған, алғы сөзі мен түсініктерін жазған А. Егеубай – Алматы: «Өлке», 2006. – 640бет. 2-басылым

Қыраубаева А. (2010). 5 томдық шығармалар жинағы. Алматы. «Өнер»

Мец А. Мусульманский Ренессанс. М., 1966. 332 с.

Назарбаев Н.Ә. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы 12 сәуір 2017. http: //online.zakon.kz/

Сосновская И.В., Островская В.В. Активизация работы с «нелинейным знанием» как мотивационный аспект современного урока // CredeExperto: междунар. электрон. науч.-пед. журнал. – 2014

Шакен Ф.К. Инновациялық білім берудегі оқушылардың метатанымдық қабілетін дамытудың педагогикалық шарттары // Молодой ученый. — 2021. — № 2 (344). — С. 302-305. — URL: https://moluch.ru/archive/344/77459/

*https://melimde.com/1-derekterdi-negizgi-trleri-ih-fasirdafi-arab-parsi-derekteri.html*

*https://kk.eyewated.com/*

**REFERENCES**

Actual Problems of Turkological research. 180th anniversary of St. Petersburg state university's departments of Turkic philology / under edition of N.N. Telitsyn, J.N. Shena. St. Petersburg

"Sankt Petersburg" (St. Petersburg) publishing house, 2016. Page 592. (in Rus.)

Bitibayeva K. Methodology and technology of reading literature. Almaty, 2003. (in Kaz.)

Gadamer G.G. Philosophy and hermeneutics. (AUD. G. Zaipov). Collection "World philosophical heritage". Almaty: "Writer", 2005 (in kazakh) "Kutty Bilik". Translated from the ancient Turkic language, with preface and commentary by A. Egubay, 2nd edition. Almaty, "Olke" publishing house, 2006. Page 640. (in Kaz.)

Metz A. Muslim Renaissance. Moscow, 1966. Page 332. (in Kaz.)

Kuhn T. The structure of Scientific Revolutions. Moscow, "Progress" publishing house, 2008. Page 288. (in Rus.)

Classical research. Volume 17. The world of literature. Almaty, 2013. (in Kaz.)

Foreign Turkology. Ancient Turkic languages and literature. Moscow, "Nauka" publishing house, 1986. (in Rus.)

Kelimbetov N. Literature of ancient times. "Mektep" publishing house, Almaty. 1991. (in Kaz.)

Korogly Kh.G. The interconnection of the epic of the ratodes of Central Asia, Iran, Azerbaijan. Moscow, "Nauka" publishing house. 1983. (in Rus.)

Kyraubayeva A. Collection of works in 5 volumes.Almaty. "Oner" publishing house, 2010. (in Kaz.)

Nazarbayev N.A. Article on the program "Looking to the future: modernization of public consciousness". 12 September 2017. http:/ /online.zakon.kz/ (in Kaz.)

Sosnovskaya I.V., Ostrovskaya V.V. intensification of work with "nonlinear education" as a motivational aspect of the modern lesson. International scientific and educational digital magazine "CredeExperto", 2014. (in Rus.)

Shaken F.K. Pedagogical conditions for the development of metacognitive abilities of students in innovative education. "Molodoi uchenyi" magazine, № 2 (344), 2021. Page 302-305. URL: https://moluch.ru/archive/344/77459/ (in Kaz.)

https://melimde.com/1-derekterdi-negizgi-trleri-ih-fasirdafi-arab-parsi-derekteri.html (in Kaz.)

https://kk.eyewated.com/ (in Kaz.)

**Publication Ethics and Publication Malpractice in the journals of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan**

For information on Ethics in publishing and Ethical guidelines for journal publication see http://www.elsevier.com/publishingethics and http://www.elsevier.com/journal-authors/ethics.

Submission of an article to the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan implies that the work described has not been published previously (except in the form of an abstract or as part of a published lecture or academic thesis or as an electronic preprint, see http://www.elsevier.com/postingpolicy), that it is not under consideration for publication elsewhere, that its publication is approved by all authors and tacitly or explicitly by the responsible authorities where the work was carried out, and that, if accepted, it will not be published elsewhere in the same form, in English or in any other language, including electronically without the written consent of the copyright-holder. In particular, translations into English of papers already published in another language are not accepted.

No other forms of scientific misconduct are allowed, such as plagiarism, falsification, fraudulent data, incorrect interpretation of other works, incorrect citations, etc. The National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan follows the Code of Conduct of the Committee on Publication Ethics (COPE), and follows the COPE Flowcharts for Resolving Cases of Suspected Misconduct (http://publicationethics.org/files/u2/New_Code.pdf). To verify originality, your article may be checked by the originality detection service Cross Check http://www.elsevier.com/editors/plagdetect.

The authors are obliged to participate in peer review process and be ready to provide corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. All authors of a paper should have significantly contributed to the research.

The reviewers should provide objective judgments and should point out relevant published works which are not yet cited. Reviewed articles should be treated confidentially. The reviewers will be chosen in such a way that there is no conflict of interests with respect to the research, the authors and/or the research funders.

The editors have complete responsibility and authority to reject or accept a paper, and they will onh accept a paper when reasonably certain. They will preserve anonymity of reviewers and promote publication of corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. The acceptance of a paper automatically implies the copyright transfer to the National Academy of sciences of the Republic of Kazakhstan.

The Editorial Board of the National Academy of sciences of the Republic of Kazakhstan will monitor and safeguard publishing ethics.

Правила оформления статьи для публикации в журнале смотреть на сайте:

**www: nauka-nanrk.kz**

**ISSN 2518–1467 (Online),**

**ISSN 1991–3494 (Print)**

***http://www.bulletin–science.kz/index.php/en***

Заместитель директор отдела издания научных журналов НАН РК *Р. Жәлиқызы*

Редакторы: *М.С. Ахметова, Д.С. Аленов*

Верстка на компьютере *Г.Д. Жадыранова*

Подписано в печать 28.02.2023.

Формат 60x881/8. Бумага офсетная. Печать - ризограф.

27,5 п.л. Тираж 300. Заказ 1.

*Национальная академия наук РК*

*050010, Алматы, ул. Шевченко, 28, т. 272-13-19*